

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/MPRM4825>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MRHO2950>***Г. Қ. Құрманғали**

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

**«АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫНЫҢ
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бұл мақалада «Ақиқат сыйы» дастанының көркемдік ерекшеліктері қарастырылады. X–XII ғасырлардағы түркі әдеби шығармалар туралы бірқатар ғалымдардың еңбектері мен мақалаларында жалпы айтылғанымен, көркемдік ерекшеліктеріне тереңірек талдау жасалынған жоқ. Сондай ақындардың бірі – Ахмет Йүгінеки. Орта ғасырдағы ақын мұраларын зерттеуші ғалымдардың пікірлері сараланып, А. Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанының композициялық құрылымы мен өлең өрнегін, бейнелілік құралдарының өзіндік ерекшеліктері анықталады. Ақынның шығарма жазудағы шеберлігіне, шығарманың өлең өлшеміне, тақырыптық және идеялық-көркемдік ізденістеріне талдау жасалынады.

Ахмет Йүгінекидің шығармасындағы ұлттық, тілдік ерекшеліктерді зерделеу арқылы авторлық ұстаным мен дүниетаным мәселелеріне, көркемдік-эстетикалық ізденіс сипаттары қарастырылады. Теңеу, эпитет, параллелизм, егіздеу, метафора және т.б. көркемдік құралдарды қолдануда қарахандық ақынның ұсталығы, шеберлігі нақты мысалдармен зерделенеді.

Кілтті сөздер: түркі ақыны, орта ғасыр поэзиясы, метафора, эпитет, теңеу, қарахан дәуірі, шендестіру.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы дидактикалық поэзияның негізін салушылардың бірі Ахмет Йүгінеки – әдебиет мазмұнын жаңартып, жаңа тақырыпты көтерген ақын. Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» дастанының осы күнге дейін әлі зерттелмеген тұстарының бірі оның көркемдік ерекшеліктері. Сол көне және орта ғасырлардағы түркі әдеби шығармалардың өлең құрылыстары мен бейнелеу тәсілдерінің қазақ поэзиясына қатысын зерттеу бүгінгі күннің басты талаптарының бірі. Қарахан дәуіріндегі көне түркі өлең дәстүрі мен араб-парсы поэзиясының тоғысқан тұсында қалам

тербеген Йүгнекидің аталған шығармасында сол кезеңдегі ежелгі дәуір әдебиетінің әлеуметтік сипаттары мен көркемдік мән-маңызы да айқын көрініс табады. Бұл көне мұра бүгінгі әдебиетке өзінің танымдық, насихаттық сипаттары жағынан да оның түр-құрылысы, көркемдік жағынан да толыса, кемелдене түсуіне жол салды.

Теориялық және әдістемелік негіздері. Аталған мақалада қазақ әдебиеттанушылары мен шетел ғалымдары ұсынған ғылыми еңбектер қолданылды. Орыс шығыстанушыларының еңбектері мен ой-тұжырымдары әдістемелік бағыт-бағдар ретінде пайдаланылды. Түркітанушы ғалымдардың көне мұраларға, оның поэтикалық шеберлігін анықтауға қатысты материалдары, деректері, пікір-сараптамалары қамтылды. Поэманың тақырыптық сипатын, жанрлық, көркемдік ерекшеліктерін ашу барысында жүйелі-кешенді, нақты талдау, сипаттау, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды.

Зерттеудің нәтижесі. Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастанының көркемдік ерекшелігіне алғаш рет арнайы зерттеу жүргізілді. Шығарманың жанрлық, мазмұндық ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, ұлттық әдебиетіміздің орта ғасырда да көркемдік жағынан бай болғанын анықтайды. Дастанның ажарлау тәсілдеріне де кең ғылыми талдау берген. Теңеу, эпитет, параллелизм, егіздеу, анафора, эпифора, метафора, аллегория, алмастыруды қолданудағы А. Йүгнеки ақынның ұсталығы, шеберлігі нақты мысалдар арқылы дәлелденген.

Қазақ халқы ежелден поэзияға жақын. Бесік жырынан бастап жоқтауға дейінгі ел басынан өткен елеулі оқиғалардың барлығын жырмен жеткізіп отырған. Мұның дәлелі – көне түркі әдебиетіндегі жазба мұралардың, жыр-дастандардың, салт-дәстүрге қатысты жырлардың, ақыл-кеңестердің (толғау, арнау, терме) біздің заманымызға поэзиялық түрде жетуі. Белгілі әдебиет сыншысы В. Белинскийдің: «Әрбір халық пен әрбір тайпа өркениет пен білім берудің қандайда бір төменгі сатысында тұрса да, оның міндетті түрде өзінің поэзиясы болады... Халық немесе тайпа жазу өнерін игермесе де, поэзиясы болмау мүмкін емес» [1, 494 б.], – деген пікірі түркі әдебиетіне де қатысты айтылған. Көне түркі дәуірінде шығармаларын өлеңмен жазу үрдісі айрықша бағаланғаны көп нәрсені аңғартады.

Шығарма тілінің әсемдігін арттырып, әсерлілігін күшейту үшін троптар мен айшықтау (фигуралар) тәсілі қолданылатыны белгілі. Мұндай айшықтаулар орта ғасыр туындыларында да кездеседі. Олар әдеби шығармалардағы сөз тіркестеріне нәр беріп, көркемдік құндылығын жоғарлатады. Мұндай айшықтаудың түрлері осы қалпында сонау көне замандағы көркем шығармаларда болған деген пікірден аулақпыз. Алайда, бүгінгі әдебиет теориясындағы көркемдік құралдардың негізі ежелгі көркем мұралардан нәр алып, соның негізінде дамыған.

Шығарманың көркемдігін арттырып, нәр беріп тұрған тәсілдердің бірі – айшықтау. Оған жататын арнаудың үш түрі де «Ақиқат сыйы» дастанында орын алған. Ақынның:

Білім туралы айтамын, сөзімді тыңда,
Білімдіге, уа досым, өзіңді жақын ұста [2, 25 б.].

Тәкаппар киімін кисең, тез таста,
Халыққа кеуденді керіп, тіліңді түйреме.
Мұсылмандықтың белгісі – көнбістік,
Көнбісті бол, егер мұсылман болғың келсе, [2, 34 б.],

– деген өлең жолдары *жарлай арнауға* жатады. Бұл шумақтар арқылы Йүгінеки оқырманын білім алуға шақырады және тәкаппарлықтан бойын аулақ ұстап, кішіпейіл болуға үндейді.

Мұндай арнау тек орта ғасырдан бастау алды деп дөп басып айтуға болмайды. Оның тамыры тереңде жатқаны туралы ғалым М. Жолдасбеков те атап өтеді: «Орхон ескерткіштерінде шешендік арнауның, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан үлгілері ұшырасады» [3, 76 б.]. Тасқа жазылған ескерткіштерде кездесетін жарлай арнауға жататын мына өлең жолдарында халықты бір қолдың астына бірігіп қимылдауға үндейді, үгіттейді:

Табағаштар, түстіктен шабындар!
Құртындар, шығыстан шабындар!
Мен терістіктен шабайын
Түрк халқының жерін жат баспасын!
Сол дұшпанды жойық! – депті [3, 60 б.].

Демек мұндай арнаулар кейінгі ғасырлардың еншісіне де тән екені жоғарыдағы мысалдар дәлел бола алады. Сонымен орта ғасыр жәдігерлерінде арнауның басқа да түрлері кездесетіні жайлы бірқатар мысалдар келтіруге болады. «Ақиқат сыйы» дастанында барша жұртқа сұрақ қойып, *сұрай арнау* түрі де шебер бейнеленген:

Ей, ашкөз, Құдайға ашкөздік неге керек?
Айтып берші маған, ол неге керек?
Аз ба, көп пе жазылды ризығың
Ашкөздік жасай ма мұндай жақсылық? [2, 36 б.]

Автор «Дүниесқор және әртүрлі мағына беретін өлеңдер» деген тараудың көп бөлігін *сұрай арнау* түрімен жазған. Бұл шумақтарда орта ғасырдағы көркем сөз шебері Ахмет Йүгінеки заманының азғандығын, имансыздық жайлағанын айтып зарлайды. Демек, орта ғасыр ақынының шығармасында арнауның үш түрінің де кездесуі оның өлең жазудағы шеберлігін танытады. Йүгінеки бірде жарлай арнаса, бірде сұрақ қояды, кейде сұрағына жауап

алмаған кезде зарлайды. Айналасындағы болып жатқан келеңсіздіктерді көріп, қапаланады. Жанын түсінетін адам таба алмай қиналады. Демек, заман азып, адам бойынан жақсылық қасиеттердің жоғала бастауы қай кезеңді алып қарасақ та болғанын айқын аңғаруға болады.

Әдебиет теориясындағы айшықтаудың келесі бір түрі – қайталау. Яғни, белгілі бір ұғымды нақтылау, назар аударту үшін бір сөз бірнеше жерде қайталану. Ол өлеңге ерекше бір рен беріп, тілге жеңіл болып келеді. Ахмет Йүгнеки «Ақиқат сыйында» қайталауды көп пайдаланған. Мысалы: *Харис* тоймас ажун неңини терип, *Харислық* қарымас идиси қарып. *Харислықны* қойар харис ер қачан, Өлүп йатса топрак ичинга кирип. *Харис* йығып армаз усанмаз болур, *Харислық* игинің емин ким билур... [2, 36 б.]. Аталған дастанның негізгі бөлімінің алғашқы тарауы анафорадан басталған. Әдепкі қайталаумен жазылған бұл өлең формасы көне түркі ескерткіштерінде көп кездеседі. Әсіресе, осы қарастырып отырған әдеби жәдігерді ерекше атап айтуға болады. Әр жол немесе әрбір ой ағымын ақын бірде «билиг», бірде «қаза» сөздерімен бастап, шығарма тілінің әсемдігін арттырады:

Билигтин айурман сөзүмга ула
Билиглицка йа дост өзиңни ула
Билиг бирла билинүр са'адат йолы
Билиг бил са'адат йольны була
 Баһалық динар билиглиг киши
 Бу жаһил билигсиз баһасыз биши
Билиглиг билигсиз қачан тең болур
Билиглиг тиши ер жаһил ер тиши [2, 25 б.].

Ажунға бу сөгүш маламат нелүк
Қазалар йүрүркан йаратқан малик
Қаза бирла илнүр тузаққа елик
 Қамуғ тегдаци нең қазадан ерүр...
Қаза бирла учған халиқ қушлары
 Қарыға қонар һам қафасқа кирүр
Қаза келсе йүгрүк йүгүрмаз уруп
Қаза қайтарылмас қатығ йа қуруп [2, 44 б.].

Келесі бір қайталаудың түрі – эпифора. Мұндай қайталаудың түрі де «Ақиқат сыйы» дастанында орын алған. Әрбір ұйақстан кейін бір сөз немесе бір сөз тіркесінің қайталанып келуін түркі поэзиясында редиф деп атайды [4, 30 б.]. Редифтің жоғалып кетуіне немесе оны басқа бір ұйақспен алмасып кетуіне болмайды. Е. Бертельс өз еңбегінде егер олай болған жағдайда бұл кате саналады дейді [5, 66 б.]. Шығарманы оқып отырғанда орта ғасыр ақынының әрбір сөзді қиыннан қиыстырып беруге тырысқанын, әуезді

естілуіне ұмтылыс жасағаны айқын аңғарылады. Яғни қазіргі тілмен айтқанда ақын эпифораны шебер меңгерген, еркін көсіле жырлаған. Мысалы, төрт жолмен жазылған мына бір шумақта Ахмет Йүгнеки редиф ретінде «ол» сөзін пайдаланған:

Еран хайри шарри гузаф кечмас *ол*

Есиз едгү шика йпкут болмаз *ол*

Айа едгү умган есизлиг қылып

Тикан тарыған йер үзүм бичмаз *ол*.

Шығарманы әсемдеп, әсерлігін күшейту аз. Бір сөзді тура мағынасында емес, өнін айналдырып, қабылдауға оңай, көркемдігі жоғары болу үшін түрлендіре құбылту барлық ақынға тән қасиет. Бүгінгі таңда ғана емес, сонау көне түркі дәуіріндегі ақындар да көріктеу, бейнелеу тәсілдерін шебер пайдаланған. Мысалы, Ахмет Йүгнеки түркі поэзиясына жаңа ізденістер мен өзіне тән ақындық нақыш әкелді десек артық айтқандық емес. Ол өзі өмір сүрген уақыттағы поэзияның көркемдік әлемін жетілдіруде ерекше орны бар ақын деп саналады. Ақын адамгершілік туралы ұлағатты ойлары мен жаратушыны тану идеялары түркі әдебиетінде өзіндік орын алады. Ол өзінің суреткерлік шеберлігі мен рухани бай дүниесінің арқасында осындай көркем шығарма жазған.

Дастандағы сөздер мен сөз тіркестерін өз орнымен пайдалану ақынның өзіндік қолжазбасын айқын танытады. «Шын сөз», «ашу оты», «опасыз дүние» және т.б. сөз тіркестерін шығарманың мазмұнын ашуда еркін қолдана білген, сонымен қатар ақын оларды өз көңіл күйін, сезімін еркін жеткізу мақсатымен айтқан. Бұл қолданымдар арқылы жеке тұлғаның адамгершілік бағыттарын, өмірдегі ұстанымдарын айқындауға тырысады. Демек, «Ақиқат сыйында» автор «от» ұғымын күнделікті тіршілікте қолданылатын қаттылық қалыпта емес, о дүниедегі «азаптың оты» ретінде сөз қылады. Енді бірде «ашудың, кектің» символдық белгісі ретінде қолданады. Екі жерде де ақын сол арқылы айтар ойын нақтылап жеткізе білген. Азаптың да, ашу мен кектің де оты қатты болатынын нақты көрсетіп отырады.

Ахмет Йүгнеки «көз», «сөз», «дүние» сөздерін түрлендіріп, олардан жаңаша өрнек пен ұғым жасайды. Дастандағы «көз» ұғымын көру мүшесі («Расуллаң үрүң йүз бу ол йүзгә көз» – «Бұл – ол жүзге (жарасып тұрған) көз») деп қолданса, енді бірде ол арқылы адамның дүниеге қызығушылығын («Никаб көтрүр ажун бирәр көз ачар» – «Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашар») көрсетуге тырысады. «Йығып көңли тоймас көзи сух бахил» – «Қанша жинағанымен, сараңның сұқы, көңілі тоймайды» деген тармақта дүниеқор жанның бейнесін тамаша ашып суреттеген. Сонымен қатар, ақынның «көз» ұғымы тәкаппарлық, менсінбеушілік мағынада да қолдануы өте сәтті шыққан:

Егер біреу малсыз болса, көріп ол адамды,

Бетін бұрып, көзін жұмып өтеді [2, 42 б.], –

бұл өлең жолдары қолында дәулеті бар, бірақ ешкімге жақсылық жасай алмайтын адамды еріксіз есіңе түсіреді. Ақын байлыққа мастанып, қарапайым кедейлерге мұрнын шүйіре қарап, жан-жағына көз салмай, аяқ астын аңдамай басып жүретін тәкаппарлықты бейнелеуде шеберлік танытқан.

Жалпы Йүгнеки дастандағы тараулардың көп жолдарында «дүние» ұғымын сөз қылады. «Дүние, байлық» – адам өміріндегі ең маңызды нәрсе, ұғым. Ақын «дүние» сөзін түрлендіріп, сөз тіркестерінен жаңаша өрнек пен соны ұғым жасап отырады. «Ашкөз дүние», «опасыз дүние», «жалған дүние», «дұшпан дүние» деген ұғымдарда дүниенің сипат-белгілерін нақтылай, айқын көрсетеді. Бұл теңеулер арқылы өмір сүріп жатқан бұл дүниенің байқала бермейтін мәнін, қасиеттерін айқындап береді.

Елигларда кутлуғ беригли елиг

Алып бермәгән ел елиг қутсызы ол [2, 33 б.],

– деген бәйіттегі «ел» сөзі қол мағынасында, жомарт пен сараң адамның бейнесін сипаттау ретінде қолданады. Мұнымен қатар «ел» ұғымы – ел, жұрт, халық мағынасында кездеседі. Мысалы:

Көп елни көрар биз әдиб сөзини

Билә билмәгәндин улар өзини [2, 67 б.].

«Ел» сөзі орта ғасыр ескерткіштерінде «қол», «мемлекет», «ел» мағынасында жұмсалса, бүгінгі күнде олай қолданылмайды.

Қарахан дәуіріндегі көркем шығармаларда бейнелеу, көріктеу құралдарының көп түрлері кездеседі. Орта ғасыр ақындары метафора, алмастыру (метонимия), мегзеу (синекдоха), кекесін (ирония), ұлғайту (гипербола), теңеу мен эпитет және т.б. өзіндік орнымен қолдана білген. Осындай көркемдік құралдар арқылы екі нәрсені немесе затты тура салыстырады, болмаса екеуінің арасындағы ұқсастықтары негізінде ауыспалы мағына беретін бейнелі сөздер тудырады.

Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны туралы айтар болсақ, ақын аса шеберлікпен құбылтудың алуан түрін өз керегінше пайдалана білген. Соның ішінде ол шығармасында поэзияда көп қолданылатын теңеуге, эпитетке, параллелизм, яғни егіздеу әдісіне еркін тоқталғаны байқалады. Бейнелеу тәсілдерінің мұндай түрлерін қолдану шығармаға нәр беріп, оқырманның қабылдауына жеңіл тиеді. Бейнелі сөздер ақын поэмасының көркемдік сипатын арттырады. Ахмет Йүгнеки – әрбір сөзді құбылтып, әсірелеп ұтымды пайдалана білген ақын. «Ақиқат сыйында» белгілі бір нәрсенің көркемдігін арттыру үшін оны басқа бір затпен салыстырып, оған үстеме мағына беру көп кездеседі. Йүгнеки салыстыратын құбылыс, заттарды өзіне ұқсас белгі, сын-сипатына қарай құбылтып, өзгертіп отырады. Оған өзгеше бір түр беріп түрлендіреді. Мәселен:

Білімді кісі – бағалы динар,
Білімсіз надан – бағасыз бақыр.
Білімді білімсізбен қашан тең болар,
Надан еркек – әйел, білімді әйел – ер [2, 25 б.],

– деп білімді адамды – алтынға, наданды – қажетсіз қара бақырға, білімсіз еркекті – әйелге, білімді әйелді азаматқа теңейді. Сонымен қатар білімді адамды жарыққа, надандықты қараңғылыққа теңеу өте орынды шыққан. Қара жаман ырымның белгісі екені шындық, қара жамылып жүргенше алтындай жарқырап жүрудің артықшылығын көрсетуге тырысқан.

Ақын Испансалар бекті мақтау тарауында да теңеулер жиі кездеседі. Мұндағы бейнелеу құралдары сол уақыттағы халық өмірімен, түсінігімен тығыз байланыста туған. Бұл туралы академик С. Қасқабасов былай деген: «...Айтушы мен тыңдаушылар баяндалып отырған оқиғалар мен батырлардың іс-әрекетін ашық және тура бағалайтындығына сай көркемдеп – бейнелеу құралдары пайда болады. Сөйтіп, қай батырды болмасын, қай сұлу қызды болмасын бейнелейтін «универсалды» эпитеттер, теңеулер, формулалық сипаттаулар болады» [8, 31 б.]. Мәселен мұндай сипаттауға эпостық жырлардағы батырлардың кескін-келбетін суреттегенде жиі қолданылатын теңеуді жатқызуға болады. Көне түркі мұраларын қарастырғанда да кейіпкерлерін жыртқыш аңдар мен қыран құстарға теңеу кең таралғанын аңғартады. Батырлар жырларындағыдай аталған шығармаларда адамның ашуланғандағы кейпін арыстанға теңеп суреттеу көп. Демек, бұл тек бір фольклорға ғана тән емес, сонымен қатар мұндай көркемдік құралдардың орта ғасырдағы әдеби шығармаларға да қатысы бар екенін дәлелдеп отыр. Мысалы, Ахмет Йүгнеки Испансалар бектің ашуланғандағы әрекетін арыстанмен салыстыру арқылы ойын шеберлеп, көркемдеп жеткізген. Бұл жерде мәселе тек бекті арыстанмен салыстыру деп ұқпаған жөн. Ақын оның ашуланғандағы күйін бір-ақ ауыз сөзбен жеткізуге тырысады:

Сәлімнен жұмсақ, қарапайым халыққа шапағатты,
Алайда ашуланғанда шері – арыстан сияқты.
Шариғат жолында Омардай білгір,
Оспанға тең қолы ашықтығы [2, 24 б.].

Ақын Испансалардың бейнесін толық ашу үшін, ойын дәл, нақты әсерлі жеткізу мақсатында оның білгірлігін Омармен, мырзалығын Оспанмен, зеректігін Аязбен, әділдігін Наушарбанмен салыстырады. Көңілге жақын, жүрекке жылы тиетін оралымды тіркестер, орынды, тапқыр теңеу жасайды. Демек, ақын өз ойын тыңдаушыға әсерлі жеткізу үшін көптеген әдістер мен сан түрлі тәсілдерді қолданған. Сөздерді құбылтып, айшықтап пайдалануда «Ақиқат сыйында» тосын теңеулер мен эпитеттер, метафоралар мен аллегориялардың өзіндік орны бар.

Бұл суреттеулер поэма тілінің қарапайым әрі көркем екенін айғақтайды. Әдиб Ахмет қолданған бейнелі сөздермен өрнектелген тіркестердің өзіне тән ерекшеліктері бар. Мысалы, ақын өзін теңізге тамшы сыйлаған бұлтқа теңейді. Ал, Испаһсаларды теңізден де ұлы падишаһ деп суреттеген.

Теңіз көп, аз демей қабыл алады,

Бұлт сыйласа ұсақ тамшыны.

Шаһым теңізден мың есе қайырымды,

Қабыл қылса таң қалуға болмайды бұл аз сыйлықты [2, 29 б.].

Сонымен дастандағы білім – таусылмайтын қаржы, шын сөз – бал, бір жерлерде – шипа, өтірік – жуа немесе ауру; бұл дүние – керуен, сарандық – жазылмайтын ауру, сараң адам – малдың құлы, жомарттық – сараңның айнасы, қайырымсыз кісі – жеміссіз ағаш, адамгершілік – үлкен үй – алқызыл гүл; қарапайымдылық – жасыл алқап деген салыстырулар өзінше бір сипатқа еніп, шығарманың көркемдігін арттырады. Сонымен қатар «ақылдың, сана-сезімнің, парасаттың қоймасына» Испаһсалар бекті балайды, одан әрі білімнің бұлағы, жақсылықтың таусылмайтын кеніне теліп, ойын үдете береді. Бұл жердегі «ол», «қойма», «бұлақ» пен «кен» барлығы бірінің мағынасын екіншісі толықтырып отыратын сөздер. Мұнда тек қана теңеулер ғана емес, сонымен қатар шендестірулер де бар. Әсіресе, Йүгнекидің дүниеге байланысты қолданған теңеулерін ерекше сөз етуге боларлық дүние.

Рухани тазалыққа шақыратын барлық шығармаларда кең таралған, көп қолданылатын теңеу – «дүние – керуен». Сонымен қатар, ақын дүниені бірде жақсылық пен жамандықтың ұрығын себетін «егінжайға» теңесе, бірде жылан бейнесінде көрсетеді. Ақын жыланды қандай жағдайда, қандай ерекшеліктерін басты нысана ретінде алып отыр, онымен салыстырғанда дүние қалай сипатталады, міне, осының бәрі ескерілуі керек. Дүниенің сыртқы көркі тамаша болғанымен іші толған зұлымдық екенін жыланның сипағанға жұмсақ, бірақ уға толы қасиеттерімен салыстыру өте орынды, тапқыр теңеу:

Бұл дүние – жылан. Жыланның көзін жой,

Сипағанға жұмсақ, бірақ іші тола у.

Жылан жұмсақ болғанмен, пиғылы жауыз,

Жырақ тұр, жұмсақ деп иланба.

Бұл дүние көргенге көрікті сырты,

Алайда, ішінде сүйкімсізі мыңы.

Қара, сыртының әдемілігін көріп бұған,

Көңіл бөлгенің, біліп қой, қателердің басы [2, 31 б.].

Сонымен ақын екі нәрсенің бір-біріне деген ұқсастығын байқау арқылы баяндалып отырған құбылыстарды салыстырады. А. Йүгнеки айтар ойының айқын, дәл шығуы үшін теңеуді орнымен қолдана білген суреткер.

«Ақиқат сыйы» дастанында метафора да көптеп кездеседі. Зат есім мен етістіктен жасалған метафоралық салыстырулар поэмаға өзгеше бір әр береді. Екі нәрсе бір-біріне сәуле түсіріп, бір-бірінің мағынасын толықтырады. Йүгнекиде бір нәрсені екінші бір нәрсеге балап суреттеп, үзілді-кесілді айту жағы басымырақ. «Өз тілі өзінің басын жеді», «Пердесін көтеріп дүние бірер көзін ашады, Құшатын сияқты қолын жазып, сосын тез қашады», «тәкаппар киімі (кисең тез таста)», «ашкөздік қартаймайды», «сараң малдың күзетшісі» т.б. метафоралар дастанда өз орнын тауып дәл берілген. Ақын метафораны қолдану арқылы бір заттың я құбылыстың қасиетін, ерекшелігін шеберлікпен көрсету үшін оны соған ұқсас басқа бір нәрсеге балап, бойындағы ерекше бір белгісін сипаттайды.

Әсіресе, ақынның мына жолдарда құбылудың бір түрі – кейіптеуді сәтті қолданған:

Жазықты кісінің жазығын кешір,
Дұшпандықтың тамырын қазып, аластат.
Жалындаса тұтанып ашу оты,
Сыпайылық суын шашып, отты өшір [2, 38 б.].

Бұл шумақтағы «дұшпандықтың тамыры», «ашу оты», «биязылық суы» деген кейіптеу болып саналады. Егер балама ретінде алынған сөздерді тура түсінетін болсақ, онда ол санамызға жат, дөрекі болып тиеді. Адам бойындағы дұшпандық, ашу, биязылық сынды қолымен ұстай алмайтын сезімдерге жан бітіреді. Ашуланғандағы кейіпті отқа балап, оны биязылықпен өшіруді суреттеу арқылы шайыр бейнелі көркем сөздерді ұтымды пайдаланған. Бұл сипаттаулар ақын бойындағы ерекше бір шеберлік қырларының бірі болып табылады.

Жақсы мінез-құлық, әдептілік, ұл-қыз, әйел тәрбиесі, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы туралы айтылған ой-пікірлерін автор метафоралық қолданыстармен бере білген.

Бұл шығармада метонимия да кездеседі. Яғни бүтіннің орнына бөлшегін, бөлшектің орнына бүтінін қойып, қолдану аясын кеңейтіп көрсету дастанда орын алған. Мысалы: «Бу *мал* келсе ерте барур баз кеча, Бұл *мал* келсе ерте, кешке қайтадан кетеді». Көрсетілген жолдардағы «*мал*» сөзі дүние, байлық деген ұғым орнына қолданылып тұр. Мал байлықтың бір белгісі болғандықтан, бүтіннің орнына оның бөлшегі пайдаланылған. Бұл алмастырудың өте ұтымды тәсілі болып саналады. Ал, бөлшектің мағынасын бүтінге ауыстырғанда: Алып бермәген *ел* елиг құтсызы ол, Алып, бірақ бермеген *қол* – қолдың құтсызы, – деп «қол» сөзі арқылы жомарт, сараң адамдардың бейнесін көрсетуге тырысқан, яғни бүтіннің орнына бөлшекті пайдаланып отыр.

Ахмет Йүгнеки «Ақиқат сыйының» басында-ақ білімді адам мен надан жанның бейнесін қарама-қарсы алуы өте әсерлі шыққан. Яғни ақын көркем сөздің әсерлілігін күшейтіп, әсемдігін арттыру үшін құбылысты не затты

қатар суреттейді. Мұндай бейнелеу сөз әдебиеттану ғылымында параллелизм деп аталады. Йүгнекидің параллелизм әдісін қолданғаны «Ақиқат сыйы» шығармасындағы тілдің әсерлігін арттырады. Орта ғасыр ақыны дастанда білімді-надан, жомарт-сараң, тәкаппар-момын, адал-арам, тағы да басқа ұғымдарды қарама-қарсы қойып бейнелеуі зұлымдықпен күресіп, әділдікті ту етіп ұстаған ақын тұлғасын танытады.

«Ақиқат сыйы» дастанында ақын жақсы мен жаман қасиеттерді қарама-қарсы қою арқылы шендестіру тәсілін жиі қолданған. Йүгнеки білімді мен білімсіздің бұл өмір мен арғы өмірдегі жағдайларын жарыстыра салыстыру арқылы пайдасы мен зиянын көз алдымызға елестетеді. Автордың білімді мен наданның жағдайын жомарттық пен сараңдықты астастыра отырып жырлаған жыр жолдарының берер ғибраты мол. Сараң адамдарға жомарттықтан келетін пайданы ескерте отырып, жаман атқа қалудан сақтандырады, жомарт жанға сараңнан келетін зиянды ашық баяндайды, одан аулақ болуға үгіттейді. Бірде жақсы қасиеттерді айтып, терең әңгіме қозғаса, келесі жолдарда жаманнан келетін кесепатты қарсы қойып түсіндіруге тырысады. «Ақиқат сыйы» дастанын жалпы алып қарастырғанда, жақсы мен жаманның айырмасын ашып, түзу жолға, рухани тазалыққа шақыру басты мақсаты болғандықтан, оның насихаттық сипаты басым екені белгілі. Жақсы мен жаманға түзу мен қисықты, алғыс пен қарғысты, ашу мен ақылды қарама-қарсы қойып шендестіруі ақынның шығармашылық шеберлігінің сырын танытады. Міне, осындай егіздеу әдісін аса талғаммен ұтымды пайдалану Жүсіп Баласағұнда да кездеседі. «Құтты білік» дастанында автор қоғамдағы адамдардың мінез-құлықтары: жақсылыққа жамандық, әдептілікке дөрекілік, шындыққа өтірік, жомарттыққа сараңдық, қанағатшылыққа ашкөздік, аққа қараны қарсы қойып салыстырып, әсерлі теңеулер тудырған.

Көркем сөз зергері Ахмет Йүгнеки әрбір сөзді орынды, шебер пайдаланған. «Ақиқат сыйы» дастанындағы көркемдік құралдар сонау ХІІІ ғасырдан бері әлі маңызын жоғалтпаған. Ақын сөздерді бейнелік құрал ретінде шебер пайдаланып, өзінше жаңа, тың бейнелер тудырады. Айтар ойын құрғақ сөзбен емес, өрнекті өрім мен көркем тіл, бейнелі сөзбен шебер киюластырған. Сөз құдіретін жете түсінген парасатты ой иесі құбылту (троптар) мен айшықтауларды (фигуралар) өз орнымен қолданып, өзіндік өрнек жасаған.

Қорытынды

Жалпы қорытындылай келгенде айтарымыз, Ахмет Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны қазақ әдебиеті тарихында өз бағасын алған туынды. Ол өзіне дейінгі көне түркілік өлең дәстүрін шығыстық өлең жазу үлгісімен ұштастыра білген шебер ақындардың бірі болып табылады. Оның бізге жеткен поэмасы мазмұнының айрықша тереңдігімен, көркемдік сапасының биіктігімен ерекше көзге түседі. Ахмет Йүгнеки өмір шындығын көркем

шындыққа айналдырған жаңа жолды бастаушы ақын ретінде әрбір сөздің күдіретін бейнелі орамдармен байытқан ақын болып саналады.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Белинский, В.** Собрание сочинения в девяти томах. Т.6. – М. : Художественная литература, 1981. – 678 с.
- 2 **Ахмет Иүгінеки.** Ақиқат сыйы. – Алматы : Ғылым, 1985. – 152 б.
- 3 **Жолдасбесков, М.** Асыл арналар. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы : Жазушы, 1986. – 328 б.
- 4 **Тимофеев, Л., Венгров, Н.** Краткий словарь литературоведческих терминов. – Москва: Госпедизд., 1955. – 179 с.
- 5 **Бертельс, Е. Э.** Навои. – Москва-Ленинград : Изд. АН ССР, 1948. – 272 с.
- 6 **Қожа Ахмет Иасауи.** Диуани хикмет (қазақ тіліне түсіргендер: М. Жармұхамедұлы, С. Дәуітұлы, М. Шафиғи). – Алматы : Мұрағатас, 1993. – 262 б.
- 7 **Сайф эс-Сарай.** Гулистан бит-тюрки. II часть, к изданию подготовили Хатиб Усманов и Зайнаб Максудова. – Казань : Изд. Казанского университета, 1980. – 122 с.
- 8 **Қасқабасов, С.** Қазақтың халық прозасы. – Алматы : Ғылым, 1984. – 271 б.
- 9 XVIII–XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары. – Алматы : Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1962. – 421 б.

References

- 1 **Belinskii, V.** Sbranie sochineniia v deviti tomah [Collected works in nine volumes]. Т. 6. – Moscow : Hudojestvennaia literatura, 1981. – 678 p.
- 2 **Akhmet, Y.** Akikat syiy [The gift of truth]. (Almaty, 1985). – 152 p.
- 3 **Joldasbeskov, M.** Asyl arnalar. Zertteuler, maqalalar [Noble direction. Research, articles]. – Almaty : Jazushy, 1986. – 328 p.
- 4 **Timofeev, L., Vengrov, N.** Kratkii slovar literaturovedcheskih terminov [Brief Dictionary of Literary Terms]. – Moscow : Gospedizd., 1955. – 179 p.
- 5 **Bertels, E. E.** Navoi [Navoi]. – Moscow-Leningrad : Izd. AN SSR, 1948. – 272 p.
- 6 **Kozha, A. Y.** Diuani khikmet [Diwani wiki]. Almaty, 1993. – 262 p.
- 7 **Saif es-Sarai.** Gulistan bit-turki [Gulistan bit-Turks.]. – Kazan : Izd. Kazanskogo universiteta, 1980. – 122 p.

8 **Qasqabasov, S.** Qazaqtyn halyq prozasy [Kazakh folk prose]. – Almaty : Gylım, 1984. – 271b.

9 XVIII–XIX gasyrdagy qazaq aqyndarynyn shygarmalary [Poems of Kazakh poets of the XVIII–XIX centuries]. – Almaty : Qazaq SSR Gylım akademiasynyn baspasy, 1962. – 421 b.

Материал баспаға 16.03.21 түсті.

Г. Қ. Құрманғали

Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
Республика Казахстан, г. Нур-Султан.

Материал поступил в редакцию 16.03.21.

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭМЫ «ПОДАРОК ИСТИНЫ»

В данной статье рассматриваются художественные особенности произведения «Подарок истин». Творческое наследие выдающего поэта Ахмеда Юғнаки анализируется с учетом современных достижений литературоведческой науки, особое внимание уделяется анализу поэтических жанров, композиции и особенностям стихосложения древнетюркской поэзии.

Также определено своеобразие художественных образов и поэтических сравнений в поэме «Подарок истин». Приводятся образцы поэтических приемов, которые использованы в поэме акына. Проанализированы художественные и жанровые особенности произведения Юғнаки. Мастерство поэта Караханидского периода в использовании художественных средств изучается на конкретных примерах.

Ключевые слова: тюркский поэт, средневековая поэзия, метафора, эпитет, эпоха Караханидов, сравнение.

G. K. Kurmangali

L. N. Gumilov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan

Material received on 16.03.21.

ARTISTIC FEATURES OF THE POEM «THE GIFT OF TRUTH»

Ahmed Yugnaky's literary heritage is analysed taking into account the modern achievement of science. Much attention is given to analyse the poetical genres, the composition and the features of Old Turkic prosody.

The peculiarity of image and poetical comparison in poem «The gift of Truth» are determined. The examples of poetical devices which was used by the poet are summed up. The artistic and genre features of the work of Yugnaky are analyzed. The skill of the poet of the Karakhanid period in the use of poetic figures is studied with concrete examples.

Keywords: Turk poet, medieval poetry, metaphor, epithet, metaphor, Karakhanid era, comparison.

Теруге 16.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 26.03.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,80 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,0. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3754

Сдано в набор 16.03.2021 г. Подписано в печать 26.03.2021 г.
Электронное издание
1,80 Mb RAM

Усл. печ. л. 17,0. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3754

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz